


ISSN: 2960-0049
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

1(13)2026



ӨОЖ 32:574

ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ - ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ӨНЕГЕЛІ ІСТЕРІ*Г.Д. Сүгірбаева, Э.Б. Оразбаева*Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(Қазақстан)

Аңдатпа. Бұл мақалада Өзбекәлі Жәнібековтің мемлекеттік және қоғамдық қызметінің негізгі бағыттары мен тарихи маңызы, мәдени саясатты қалыптастырудағы рөлі, ұлттық мұраны жаңғыртуға қосқан үлесі және идеологиялық-ұйымдастырушылық қызметі деректік материалдар мен ғылыми әдебиеттер негізінде қарастырылады. Сонымен бірге мақалада Өзбекәлі Жәнібековтің мәдениет саласындағы басқарушылық тәжірибесі, дәстүрлі өнер мен тарихи ескерткіштерді қорғау бастамалары мен қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін арттырудағы өнегелі істерінің маңыздылығы жаңа көзқарас тұрғысынан талданған. Зерттеуде Өзбекәлі Жәнібековтің Алаш ардақтыларының есімдерін халыққа қайта оралтуға атсалысқандығы және осы негізде қазақ жастарын оқу-білімге шақыру жолында қазақ халқының келешегі үшін атқарған қызметтері сараланған. Мақалада қазақ мәдениетін жаңғырту жолында тарихымыздан сыр шертетін ескерткіштерді қалпына келтірудегі, елімізде музей ісін қалыптастырудағы, Наурыз мейрамын қайта жаңғыруына, қазақ халықтық ән-би өнерін дәріптеу үшін фольклорлық ансамбльдер ашудағы қажырлы еңбегі мен үлгі-өнегесі туралы айтылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Мақаланың деректік негізін Өзбекәлі Жәнібековтің мемуарлық және ғылыми еңбектері, А. Тәжіұлы, Қ. Ергөбек, Б.Адырбектің еңбектері, тұлғаның замандастарының естеліктері және архивтік материалдар құрайды. Бұл дереккөздер тарихи тұлғаның қоғамдық қызметтегі атқарған істерін бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында тұлағатану шеңберіндегі биографиялық тәсіл, тарихи-деректанулық әдіс, жүйелеу, салыстырмалы талдау, мазмұндық талдау әдістері қолданылды. Биографиялық тәсіл арқылы Өзбекәлі Жәнібековтің өмір жолы мен қоғамдық-мемлекеттік қызмет кезеңдері қарастырылып талданады. Тарихи-деректанулық әдіс деректердің шынайылығын, олардың зерттеу тақырыбы үшін маңызын айқындауға мүмкіндік береді. Мазмұндық және салыстырмалы талдау әдістері арқылы қоғам қайраткерінің ұлт мәдениетін жаңғырту, этнографиялық мұра, музей ісі, жастар тәрбиесі барысындағы іргелі істері айқындалып, тұлғалық қырлары ашылады. Сонымен қатар қазіргі қоғамдағы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасымен сабақтастығы қарастырылады. Жүйелеу барысында Өзбекәлі Жәнібековтің өнегелі істері бірнеше бағытта талданады.

Тірек сөздер: этнограф-ғалым, қоғам қайраткері, мәдениет министрі, театр, ескерткіш, музей, білім.

Сілтеме жасау үшін: Сугирбаева Г.Д., Оразбаева Э.Б. Қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің өнегелі істері // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), 88-94 бб. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.10

ОБРАЗЦОВЫЕ ДЕЯНИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ**УЗБЕКАЛИ ДЖАНИБЕКОВА***Г.Д. Сугирбаева, Э.Б. Оразбаева*Южно-Казахстанский педагогический университет имени Узбекали Жанибекова
(Казахстан)

Аннотация. В данной статье на основе документальных материалов и научной литературы рассматриваются основные направления и историческое значение государственной и общественной деятельности Узбекали Жанибекова, его роль в

формировании культурной политики, вклад в возрождение национального наследия, а также его идеологическая и организационная деятельность. Одновременно в статье анализируется значение управленческого опыта Узбекали Жанибекова в сфере культуры, его инициативы по защите традиционного искусства и исторических памятников, а также его нравственные поступки в повышении государственного статуса казахского языка с новой точки зрения. В исследовании рассматривается вклад Узбекали Жанибекова в возвращение имен героев Алаша народу и, на этой основе, его заслуги перед будущим казахского народа в деле привлечения казахской молодежи к образованию. В статье рассказывается о его трудолюбии и примере в реставрации памятников, повествующих об истории нашей страны на пути модернизации казахской культуры, в формировании музейного дела в стране, в возрождении праздника Наурыз и в создании фольклорных ансамблей для популяризации казахской народной песни и танца.

Материалы и методы исследования. Источниками для статьи послужили мемуары и научные труды Узбекали Жанибекова, работы А. Тажиулы, К. Ергобека, Б. Адырбека, мемуары современников, а также архивные материалы. Эти источники позволяют оценить достижения исторической личности на государственном уровне.

В ходе исследования в рамках изучения личности использовались биографический подход, историко-документальный метод, систематизация, сравнительный анализ и контент-анализ. Биографический подход позволил рассмотреть и проанализировать жизненный путь и этапы общественной и государственной деятельности Узбекали Жанибекова. Историко-документальный метод позволил определить достоверность данных и их значимость для темы исследования. Методами контент- и сравнительного анализа были выявлены основополагающие работы общественного деятеля в процессе возрождения национальной культуры, этнографического наследия, музейной деятельности и воспитания молодежи, а также раскрыты аспекты его личности. Кроме того, была рассмотрена преемственность с единой образовательной программой «Адал азамат» в современном обществе. В ходе систематизации в нескольких направлениях был проведен анализ нравственного творчества Узбекали Жанибекова.

Ключевые слова: этнограф-ученый, общественный деятель, министр культуры, театр, памятник, музей, образование.

Для цитирования: Сугирбаева Г.Д., Оразбаева Е.Б. Образцовые деяния общественного деятеля Узбекали Джанибекова // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), с. 88-94. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.10

THE EXEMPLARY DEEDS OF PUBLIC FIGURE UZBEKALI ZHANIBEKOV

G.D. Sugirbaeva, E.B. Orazbaeva

South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov (Kazakhstan)

Abstract. This article, based on documentary materials and scientific literature, examines the main areas and historical significance of Uzbekali Zhanibekov's public and social activities, his role in shaping cultural policy, his contribution to the revival of national heritage, and his ideological and organizational activities. The article also analyzes the significance of Uzbekali Zhanibekov's managerial experience in the cultural sphere, his initiatives to protect traditional art and historical monuments, and his moral actions in elevating the official status of the Kazakh language from a new perspective. The study examines Uzbekali Zhanibekov's contribution to the restoration of the names of the Alash heroes to the people and, based on this, his services to the future of the Kazakh people in engaging Kazakh youth in education. The article describes his diligence and example in the restoration of monuments telling the story of our country's history on the path to modernization of Kazakh culture, in the formation of museum affairs in the country, in the revival of the Nauryz holiday, and in the creation of folklore ensembles to popularize Kazakh folk song and dance.

Research materials and methods. The article draws on the memoirs and scholarly works of Uzbekali Zhanibekov, the works of A. Tazhiuly, K. Ergobek, and B. Adyrbek, the memoirs of his contemporaries, and archival materials. These sources allow us to assess the historical figure's achievements at the national level.

The study utilized a biographical approach, a historical documentary method, systematization, comparative analysis, and content analysis to study his personality. The biographical approach allowed us to examine and analyze the life and stages of Uzbekali Zhanibekov's public and public activities. The historical documentary method allowed us to determine the reliability of the data and its relevance to the research topic. Content and comparative analysis were used to identify the public figure's seminal works in the revival of national culture, ethnographic heritage, museum activities, and the education of youth, and to reveal aspects of his personality. Furthermore, continuity with the unified educational program "Adal Azamat" in modern society was examined. During the systematization, Uzbekali Zhanibekov's moral work was analyzed in several areas.

Keywords: ethnographer-scholar, public figure, Minister of Culture, theater, monument, museum, education.

For citation: Sugirbaeva G.D., Orazbaeva E.B. The exemplary deeds of public figure Uzbekali Zhanibekov // MUSEUM.KZ. 2026. №1 (13), pp. 88-94. DOI 10.59103/muzkz.2026.13.10

Кіріспе. Қазақ тарихында халқымыздың ұлттық руханияты мен мұрасын сақтап, оны дәріптеген бірегей тұлғалардың бірі – Өзбекәлі Жәнібеков болды. Ол мемлекеттік және қоғамдық қызметтерде жүріп, кеңестік кезеңнің қатаң идеологиялық шектеулеріне қарамастан, қазақ халқының мәдени, рухани байлығын жаңғыртып, тарихымызды, тілімізді, мәдениетімізді сақтау мен дамытуға саналы ғұмырын арнады. Оның қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін арттыру, Алаш ардақтылары Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтардың есімдерін халыққа қайта оралту, қазақ жастарын оқу-білімге шақыру, тарихымыздан сыр шертетін ескерткіштерді қалпына келтіру жолында еңбек сіңірген адам. Қоғам қайраткері ретінде қандай қызметтер атқарса да ұлттық мүддені жоғарғы орынға қоя білді.

Нәтижелерді талқылау. Өзбекәлі Жәнібеков 1952 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетін бітіріп, өзінің еңбек жолын Келес ауданының Абай ауылында мектепте мұғалім болып бастаған [Келес аудандық мемлекеттік архиві, Қор-1: 3]. Жас маман мектепте жүктелген міндетке жауапкершілікпен қарап тәлім-тәрбиеге бет бұрды және үш жылдың ішінде өз қабілетімен оқу ісінің орынбасарлығына дейін көтеріледі. Ұстаздықпен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан Өзбекәлі Жәнібековті көп ұзамай аудан басшылары партия қызметіне шақырады. Мектептегі еңбек жолы оның үлкен қайраткерлікке дейінгі алғашқы кәсіби мектебі болды.

1955 жылы тамызда аудандық партия комитетінің штаттағы насихатшылық лауазымына келген Өзбекәлі Жәнібеков осы жылдың қараша айында Келес аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болды. Ауданда оның бастамасымен жастарды елді-мекендерді көгалдандыру, санитарлық тазалықты сақтау және спортты дамыту секілді игі істерге тарту қолға алынды. Бұл туралы К. Адырбекұлы: «Тарих пәнінің маманы. Бүгінде шәкірттеріне сабағын қызықты өткізгені жөнінде кез келгені куәлік етеді. Ол оқушыларға тартымды сабақ өткізіп қана қоймай, мектептің ішкі шаруашылығын ұйымдастыруда да тынымсыз іс жүргізді. 1955 жылы жас маманның алғырлығын байқаған аудан басшылары оны аудандық комсомол комитетінің хатшысы етіп тағайындайды. Ол кезде бұл аудан негізінен мақта өсірумен айналысатын. Осы қызметінде Өзбекәлі Жәнібеков жастарды еңбекке жұмылдырып, еңбек өнімділігін арттыра білді. Көп ұзамай іскер жанды облыс басшылары облыстық комсомол комитетінің хатшысы қызметіне шақырады», - деп өз естелігінде жазады [Ергөбек, 2021: 65].

Комсомолдық қызметте жүріп жасаған өнегелі істерінің бірі жастар жетекшісі Ғани Мұратбаевқа арнап ескерткіш ашуы еді. Ол туралы шәкірті А. Тәжіұлының «Тау тұлға» кітабында еңбек ардагері Қ. Тұрсынқұлов «Өзбекәлі Жәнібеков» атты естелігінде былай деп жазған: «Ескерткішті ашуды қалай ұйымдастыру мәселесімен тікелей Өзекең өзі айналысып, Мәскеумен, Ташкентпен, Бішкекпен телефон арқылы байланысып жүрді. Ол осы кезге дейін біз хабарсыз болып келген Ғани Мұратбаевтың зайыбын тауып, сол кісімен ұзақ сөйлесті. Сол жылғы жаз айларының бірінде Шымкентке барып келді де, екі аптадан кейін Ғани ескерткіші ашылатынын жария етті. Шынында да екі аптадан соң өзі барып, Мәскеу, Өзбекстан, Қырғызстан комсомол ұйымдарының өкілдерінің қатысуымен ескерткішті ашты. Ғани ағамыздың зайыбы да қатысты.

Кейіннен білсек, облыстың бірінші басшысы В. Ливенцов сол кезде демалысқа кетіп, ескерткіш ашылардан бір-ақ күн бұрын оралыпты. Ол кісі сол салтанатты жиынның үстінде-ақ обкомның бірінші хатшысы Қаражан Әбіләзімовті болмашы сылтауларды желеу етіп, жерден алып, жерге салып әбден ұрысқан дейді. Оның себебін де мен кейін білдім. Бірер айдан соң Шымкентке бір барған сапарымда В. Ливенцовқа кездестім. Ол кісі бірден:

– Ғаниларыңның ескерткішін көрдің бе? Сол ескерткіш қоятын орын ба? Оны жастар паркіне немесе стадионның алдына орнату керек еді», - деді.

Сөйтсем, Ливенцов ағамыз Ғани ескерткішін Шымкентке мүлдем қойғызбаудың әрекетін жасап жүрген екен. Қайткенде де қаланың орталығына қойғызбауды мақсат тұтқан. Осыны сезген Өзбекәлі Жәнібеков Ливенцовтың демалысқа кету мезгілін аңдып жүріп, бар мәселені Сасбұқаевпен шешкен екен. Бәрі дайын болып, ел құлақтанып, қонақтар келіп қалған соң өзі бір-ақ күн бұрын келген облыс басшысы амалсыз Өзбекәлі Жәнібековтің шешіміне көніп, салтанатқа қатысып, сөз сөйлеген екен. Оны маған ашу шақырып айтқан сөздерінен сезе қойдым. Ғани ескерткіші Шымкентте осылай ашылды» [Ергөбек, 2021: 96]. Кеңестік кезеңдегі саясаттың тоталитарлық жүйесіне қарамастан Ғанидай ұлт перзентіне ескерткіш ашу ерен ерлікпен тең еді. Бұл – Өзбекәлі Жәнібековтің ұлтына деген сүйіспеншілігінің көрінісі.

Қоғам қайраткерінің келесі бір ұлтжандылығына Торғай өңіріндегі қызметі барысындағы білім ошақтарын, атап айтқанда мектептерде қазақ сыныптарын көбейтуі, орта арнаулы оқу орындары мен қазіргі Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық университетін, мәдениет орындарын ашуда орны толмас қызмет атқарды. Оған музейлер, театр, радиоторабын ашып, қазақ тілінде телехабарлар жүргізуі, қазақ тілінде шығатын газет-журналдар жаздыртып алдыртуы дәлел болады.

Өзбекәлі Жәнібековтің қазақ халқының тарихын, мәдениетін, өнерін, тілін өскелең ұрпаққа жеткізу жолындағы қайсар, жанаямас еңбегі турасында замандастары мен әріптестерінің келесі естеліктерінен танып, біле аламыз. Мемлекет қайраткері З. Камалиденов Өзбекәлі Жәнібековтің халқы үшін атқарған істері жайлы: «Облыстық партия комитетінің идеология жөнінен хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков оқу, мәдениет, тұрмыстық мәселелерге қызу кірісті. Ең алдымен, облыс орталығын тездетіп салу үшін, КСРО Комсомолдар ұйымының басшысы Е. Тяжельниковке барып, Арқалық қаласын салу ісін бүкілодақтық комсомол құрылысы ретінде жариялауға келісім алды. Комсомолдық штаб құрылып, оған өзі тікелей көмек жасады», - деп баяндайды [Ергөбек, 2021: 31].

Өзбекәлі Жәнібеков идеология саласының хатшысы қызметінде болғанында Торғайдың өнерін дамытып, мәдениетін өркендетуі жайында Ж. Өмірбеков «Торғай Өзағанды іздейді...» естелігінде былай еске алады: «Өзағанның жетекшілігімен Арқалық маңызды мәдениет орталығына айнала бастады. 1971-ші жылдардың өзінде-ақ облыс орталығында педагогикалық институт, екі орта арнаулы дәрежелі оқу орны, облыстық филармония, музыкалық драма театры, тарихи өлкетану музейі ашылды. Мұншама шаруалардың жүзеге асуы әрине айтуға ғана оңай. Ал соның сан қырлы қиыншылықтарын жөндеуде, қаржы тапшылығынан шығуда Өзбекәлі Жәнібеков қаншама тер төкті десеңізші» [Ергөбек, 2021: 283].

Сондай-ақ автор этнограф-ғалымның эн мен күйге бай, дәстүрлі, өнерлі, сан қырлы Торғайда әуез драма театрын ашуда сіңірген еңбегі туралы былай баяндайды: «Мәскеудегі М. Щепкин атындағы театр-көркемөнер училищесінде оқып жатқан 17 жігіт пен қызды өзі барып үгіттеп, Арқалыққа алып келді. Оларды жайлы пәтер, жылы киіммен қамтамасыз етті. Театр өзінің шымылдығын тұңғыш рет 1972 жылы желтоқсанда Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» пьесасы бойынша жасалған әуезді комедиясымен ашты. Саңлақ сахнагер, Еңбек Ері Серке Қожамқұлов есімімен аталған Торғай театры бүкіл республика театрларының алдыңғы сапында болды. Театрға қажетті барлық бұйымдарды, жабдықтарды Өзбекәлі Жәнібеков ауылдағы қолөнер шеберлеріне өзі кеңес бере отырып жасатты» [Ергөбек, 2021: 284].

Облыстық тарихи өлке тану музейін ұйымдастырып, ашуда Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегі тіпті ерекше болған. «Оның әрбір экспонатын өзі жинап, әр шегесін өзі қақты десем әсте қателеспеспін. Торғай тарихында Аманкелді Иманов көтерілісіне қатысты бұйымды іздестіріп, музейге алдыртты. Ал енді біреулерін жергілікті хас шеберлерге үлгісін өзі ұсынып жасаттырды. Аудандарды, елді мекендерді арнайы сапармен аралаған кездерінде көне бұйымдарды көре қалса музейге өз қолымен тапсыратын. Аса құнды құжаттар мен қазақтың дәстүрлі өнерінің озық нұсқаларынан саналатын экспонаттарды, әсіресе Торғай тарихына байланыстыларын сонау Орынбор, Қостанай, Ақмола музейінен қолқалап сұрап алдыртқанын да білеміз», - деп толғанады [Ергөбек, 2021: 283]. Жоғарыда келтірілген естеліктер Өзбекәлі Жәнібековтің Торғай өңірінде салып кеткен сара жолының айғағы іспеттес.

Белгілі тарихшы Манаш Қозыбаев Өзбекәлі Жәнібековпен таныстығы туралы: «Мен Өзекеңді сонау Торғай сахарасында қызмет істеген кезден білемін. Аманкелдінің жүз жасқа толуына байланысты бір топ ғалымдармен 1973 жылдың көктемінде Арқалыққа бара қалдым. Партия тарихы институты, Ғылым академиясы ұйымдастырған ғылыми конференция өткізілді. Көктем, өкпек жел, жер бір еріп, бір қатып жатқан кез. Бізге Арқалықта бір жетідей болуға тура келді. Көбіне осы тұста мен Өзекеңмен бірге жүріп, ұзақ кештер әңгіме-дүкен құрып, етене таныстым, жанын түсініп, достасып кеттім», – дей келе, «Екінші есімде қалғаны – облыстық музей тарихы. Шын мәнінде музей Өзекеңнің еңбегі нәтижесінде өмірге келді, келіп қана қоймады, іші экспонаттарға толды, кемеліне келді. Торғай өңірі көз алдына келетіндей музей, сол заманда ең жақсы музейлердің біріне айналды», – деп Өзбекәлі Жәнібековтің ұлтжандылық тұлғасын аша түседі [Тәжіұлы, 2021: 158].

Қоғам қайраткерінің тұлғалық болмысы жайында мемлекет қайраткері Р. Бердіғалиева былай деді: «Өзбекәлі Жәнібеков десе біздің көңілде мәдениет, білім және зиялылық сияқты үш ұғым тұрады. Өзбекәлі Жәнібеков аз ғұмырында тағылымы мол көп іс тындырды. Ө.Жәнібеков есімін мен үш жақты еске аламын». Автордың бұл сөздері қайраткердің ғибратты ғұмыры мен атқарған істерін осы үш ұғыммен байланыстыра бағалаған.

Ал жастармен жұмыс барысында Өзбекәлі Жәнібеков жастарды іскерлікке баулитын тәлімгерлік мектебі болғандығын айтады. Сондай-ақ Р. Бердіғалиева өз естелігінде: «1976-1983 жылдар аралығында республика бойынша жасөспірімдер кітапханаларын құру, жастар тәрбиесін кітапханаларда жүргізу ісі жақсы қарқын алды. Алматыда тұңғыш жасөспірімдер кітапханасын құру туралы қаулы шығып, оның директорлығына тағайындалған менің алғашқы кезде кітапхананың материалдық базасын жасау үшін күн-түн демей еңбектенуіме тура келді. Бұл уақытпен санаспайтын, балалар үшін барлық күш-жігерді жанып, жоқтан бар жасаған мезгіл болатын. Өзбекәлі Жәнібеков осы тұста мәдениет министрінің орынбасарының міндетін атқарды», – деп сол кезде Мәдениет министрі лауазымындағы Өзбекәлі Жәнібековтің жасөспірімдер кітапханасын құру ісіндегі атқарған еңбегі туралы жазып кеткен [Ергөбек, 2021: 190].

Өзбекәлі Жәнібековтің халқы үшін тағы бір жасаған еңбегі 1943 жылдан өткізілмеген қазақтың төл өнері ақындар айтысын қайта тірілтуге жасаған батыл қадамы болды. Ақындар

айтысы туралы қоғам қайраткері өз естелігінде: «1977 жылы Мәдениет министріне орынбасарлыққа тағайындала салысымен менің көзіме түскені 1943 жылдан кейінгі 34 жыл ішінде республикада халық ақындары айтысының бірде бір рет өткізілмегені, «Халық ақыны» деген құрметті атақтың ешкімге берілмей келгені болды. Сол бір соғыс кезінде өткізілген соңғы айтысқа Қаныш Сәтбаев (қазылар алқасының төрағасы), Мұхтар Әуезов, Күләш Байсейітова сияқты аса көрнекті ғылым мен өнер қайраткерлері басшылық еткен екен. Біз де солардың дейгейінде өткізілген айтыстан кем түспейік дегендей, қазылар алқасына аса көрнекті мамандарды (олардың арасында Жұбан Молдағалиев те болатын) қатыстырдық», – деп айтады [Жәнібеков, 1997: 58]. Қоғам қайраткерінің бұл бастамасы ұлттық рухтың оянуына және сөніп бара жатқан дәстүрлі өнердің мемлекеттік деңгейге көтерілуіне ықпал етті.

Тұлғаның өмірі мен қоғамдық саяси қызметін зерттеген Б. Адырбек «Өзбекәлі Жәнібек» атты зерттеу еңбегінде Өзбекәлі Жәнібековтің өнегелі істерін: «Өзбекәлі Жәнібек өзінің кісілік бойын, қайраткерлік болмысын таза ұстап Алаш баласын алаламай бауырына тарта «қалың қазақтың Өзбекәлісіне» (М.Жолдасбеков) айналып жасады. Қарғадайынан қайраткер болып бой тастап, халық, ұлт үшін қаракет етіп «рух сардарына» (Ә. Кекілбайұлы) айналып еңбек етті. «Басынан бақайшағына дейін ұлттық рухпен тыныстаған...» (М. Шаханов) ұлтын сүйген ұлттық болмысты азамат қазақ қоғамының кешегі сірескен кеңестік саясатының өзін ұлт игілігіне жұмсай білген. Қазақ қоғамның ескісі күйреп, жаңасы жасалмаған үркер-кезеңінде тіршілік кешіп, аяғын пендешілікке алдырмай, кісілік тұлғасына кір шалдырмай-ақ жүріп өтті» (Ш. Мұртаза)», – деп қоғам қайраткерлерінің сөзімен түйіндейді [Адырбек, 2021: 135].

Қорытынды. Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ халқының рухани жаңғыруына өлшеусіз үлес қосқан тарихи тұлға. Оның қоғамдық қызметі ұлттық мәдениетті сақтау, ұмыт бола бастаған салт-дәстүрді қайта тірілту, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жолындағы табанды күресімен айтарлықтай ерекшеленеді. Кеңестік идеология үстемдік еткен кезеңде ұлттық мүддені қорғап, қазақтың тілі мен ділін, өнері мен мұрасын сақтап қалу үшін батыл қадамдарға баруы – оның азаматтық ұстанымының биіктігінің көрінісі.

Өзбекәлі Жәнібековтің еңбегі – тек өткеннің еншісі ғана емес, бүгінгі және келер ұрпақ үшін үлгі болатын өнеге мектебі екені айқын. Оның қоғамдық қызметі әр қазақтың бойында елге, жерге, ұлттық құндылықтарға деген жауапкершілік сезімін оятады. Сондықтан да Өзбекәлі Жәнібековтің өмір жолы – халқына адал қызмет етудің, рухани тәуелсіздікке ұмтылудың айқын көрінісі. Бұл ойымызға қоғам қайраткерінің «Қазіргідей аумалы-төкпелі ұйытқуларға қарсы тұра алатын жалғыз ғана құдірет бар. Ол ғасырлар бойы мысқылдап жиналған мәнді қазына – жалпыадамзаттық, халықтық, ұлттық игі қасиеттер. Елдің елдігі де халықтың өзі қастерлейтін асыл қазынасы сол – игі қасиеттердің болмысына сай келеді. Қазір осы жалпыадамзаттық игі қасиеттердің өзі де үлкен сыннан, уақыт тезінен өтуде. Біз үшін аса қиын да жауапты мәселе қоғамның рухани өміріне қажеттілердің бәрін түбегейлі зерттеп, бағыт-бағдарларын саралап, соған орай бұхара арасында тәлім-тәрбие жұмыстарын өрістетуде болып отыр» деген пікірі негіз болады.

ӘДЕБИЕТ

- Адырбек Б.* Өзбекәлі Жәнібек. Алматы: Қазақстан, 2021. 384 б.
- Ергөбек Қ.* Ұлтымыздың ұйытқысы. Алматы: Алтын Кітап баспасы, ЖШС, 2021 ж. 376 б.
- Жәнібеков Ә.* Тағдыр тағылымы (естеліктер). Алматы, Рауан, 1997. 136 б.
- Жәнібеков Ә.* Таңдамалы шығармалар жинағы. 2-кітап. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2011. 320 б.
- Келес аудандық мемлекеттік архиві КММ. Қор-1; Тізімдеме -1ж; Іс-3.
- Тәжіұлы А.* Тау тұлға. Кітап-альбом. Алматы: «Дала Дизайн», 2021. 400 б.

REFERENCES

- Adyrbek B. Uzbekali Zhanibek.* Almaty: Kazakhstan, 2021. 384 p. (In Kazakh)
- Ergobek Q. Ultymyzydyn uytqysy.* Almaty: Altyn Kitap baspasy, ZhShS, 2021 zh. 376 p. (In Kazakh)
- Zhanibekov O. Tagdyr tagylymy (estelikter).* Almaty, Rauan, 1997. 136 p. (In Kazakh)
- Zhanibekov O. Tandamaly shygarmalar zhinagy. 2-kitap.* Almaty: QAZAqparat, 2011. 320 p. (In Kazakh)
- Keles District State Archive, Municipal State Institution. Fund 1; Inventory 1; File 3. (In Kazakh)
- Tazhiuly A. A Towering Figure.* Book–album. Almaty: “Dala Design”, 2021. 400 p. (In Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет: Сүгірбаева Гүлжан Дәулетбекқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті (Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., А. Байтұрсынов к., №13, инд 160012). ORCID: 0000-0003-3375-3757. E-mail: sugirbaeva@mail.ru

Оразбаева Эльмира Бейсенбайқызы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан Педагогикалық университеті (Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., А. Байтұрсынов к., №13, инд 160012). ORCID: 0000-0002-3277-0304. E-mail: elmiraorazbayeva@mail.ru

Сведение об авторах: Сугирбаева Гульжан Даулетбековна – кандидат исторических наук, доцент Южно-Казахстанского педагогического университета имени Узбекали Жанибекова (Республика Казахстан, г. Шымкент, улица А. Байтурсынова, №13, инд. 160012). ORCID: 0000-0003-3375-3757. E-mail: sugirbaeva@mail.ru

Оразбаева Эльмира Бейсенбаевна – кандидат филологических наук, и.о. доцента Южно-Казахстанского педагогического университета имени Узбекали Жанибекова (Республика Казахстан, г. Шымкент, улица А. Байтурсынова, №13, инд. 160012). ORCID: 0000-0002-3277-0304. E-mail: elmiraorazbayeva@mail.ru

Information about the authors: Gulzhan D. Sugirbayeva – a Candidate of Historical sciences and Associate Professor at the South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov (Republic of Kazakhstan, Shymkent, A. Baitursynov Street, No. 13, ind 160012). ORCID: 0000-0003-3375-3757. E-mail: sugirbaeva@mail.ru

Elmira B. Orazbayeva – Candidate of Philological Sciences (PhD equivalent), Acting Associate Professor at the South Kazakhstan Pedagogical University named after Uzbekali Zhanibekov (Republic of Kazakhstan, Shymkent, A. Baitursynov Street, No. 13, ind 160012). ORCID: 0000-0002-3277-0304. E-mail: elmiraorazbayeva@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 25.02.2026.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 03.03.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 14.03.2026.